



«Kaspi Bank» АҚ-тағы банктік салымның жалпы талаптарына өзгеріс

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (28.09.2018 ж. №2018/09-80 хаттама) «Kaspi Bank» АҚ-тағы банктік салымның жалпы талаптарына 2023 жылғы 14.07.2023г. бастап келесі өзгерістер енгізілсін:

1. 6.3-бөлімнің 6.3.7-тармағының б) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«б) егер Операция қатысушысына және/немесе онымен тікелей немесе жанама байланысты адамға елдер, одақтар, ұйымдар енгізген халықаралық санкциялар, тыйымдар, шектеулер қолданылса және (немесе) санкциялық элементпен, соның ішінде санкциялық тауарлармен/қызметтермен өзге де байланысы болса, сондай-ақ халықаралық санкцияларды бұзушылықтың ықтимал тәуекелдері болған жағдайда, Жинақ шот бойынша операцияларды жүргізуден (нұсқауларды акцепттеуден) бас тартуға;»

2. 6.3-бөлімнің 6.3.10-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«6.3.10. КҰЖ/ТҚҚ туралы заңнамада көзделген жағдайларда, Клиентке және/немесе онымен тікелей немесе жанама байланысты тұлғаға елдер, одақтар, ұйымдар енгізген халықаралық санкциялар, тыйымдар, шектеулер қолданылған жағдайда және өзге жағдайларда бұл туралы Салымшыға Банкте бар мекенжай бойынша жазбаша түрде хабарлап, операцияларды тоқтата тұруға және/немесе Шартты бұзуға және Салымшыға жоғарыда аталған хабарлама жіберілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні өткенде Жинақ шотты біржақты соттан тыс тәртіппен жабуға;».

3. 6.3-бөлім келесі редакциядағы 6.2.12-тармақпен толықтырылсын:

«6.3.11. Егер ол ЭБҚК ережесінде көзделмеген немесе талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Операцияларды жүзеге асырмауға **құқылы**».
